

2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңес жұмысы туралы ақпарат

Мақсаты: Мектептің оқу-тәрбие және тәрбиелік бағыттағы іс-шараларына қоғам өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және оқушылардың әлеуметтік қорғалуын жақсартуға ықпал ету, мектеп пен қоғам арасындағы ашықтық пен сенімділікті арттыру.

Ақпараттық кезең: 2025–2026 оқу жылы (қыркүйек–қазан айлары)

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ахметова Г.М.

1. Қамқоршылық кеңес туралы жалпы мәлімет. Қамқоршылық кеңес — білім беру ұйымының қоғамдық басқару нысаны болып табылады. Кеңес мүшелері мектептің дамуына бағытталған жобаларды жүзеге асыруға, әлеуметтік қолдауды ұйымдастыруға және оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге қатысады. 2025–2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңес құрамы мектеп директорының 02.09.2025 жылғы №145 бұйрығымен бекітілді. Кеңестің құрамында **16 мүше** бар: ата-аналар, мұғалімдер, демеушілер, жергілікті қауымдастық пен әкімдік өкілдері.

2. Кеңестің қызметінің негізгі бағыттары

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал ету;
2. Әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау;
3. Оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға арналған жобаларды қаржылық және ұйымдастырушылық тұрғыда қолдау;
4. Мектеп пен қоғам арасындағы өзара байланыс пен ашықтықты дамыту;
5. Оқушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау бағытындағы шараларға қатысу.

3. Қамқоршылық кеңес отырыстары және қабылданған шешімдер

№	Өткізу күні	Тақырыбы	Қатысушылар	Қабылданған шешімдер
1	19.09.2025	Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту және жылдық жоспарды талқылау	Кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі	Кеңес құрамы бекітілді. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бірауыздан қабылданды.

4. Қамқоршылық кеңестің қолдауымен жүзеге асқан жұмыстар

- **Материалдық көмек:**
 - Байқоңыр ауданы әкімдігінен 40 сумка, кеңсе тауарларымен;
 - «Дәулеттең» қайырымдылық қорынан 5 сумка, кеңсе тауарларымен;
 - Жергілікті кәсіпкер Н.Оразхановтан 5 сумка, кеңсе тауарларымен;
 - «Халық банкі» 10 сумка, кеңсе тауарларымен;
 - «Аманат» партиясы 1 отбасының 4 баласына қаржылай көмек
 - Мектепке жол қайырымдылық акциясы бойынша дәл қазіргі уақытта 70 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.
- **Инфрақұрылымдық жұмыстар:**
 - Мектеп дәліздеріндегі жарықтандыру жүйесі толық жаңартылды;
 - Мектептің кіреберіс бөлігіне бейнебақылау камералары жаңартылды.

5. Қамқоршылық кеңестің қоғаммен байланысы

Кеңес мүшелері мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласуда:

- Ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізілді;
- «Мектеп пен отбасы – бір мақсат, ортақ тәрбие» ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды;
- Кеңес жұмысы туралы ақпарат мектептің ресми парақнасында және әлеуметтік желілерде жарияланып отыр;
- Кеңес мүшелері демеушілер мен жергілікті кәсіпкерлермен байланыс орнатып, қолдау тартуда.

6. Қиындықтар мен назар аударатын мәселелер

- Кейбір кеңес мүшелерінің жұмыспен қамтылуына байланысты отырыстарға қатысу белсенділігі төмен;
- Әлеуметтік жобаларға қосымша қаржы көздерін тарту қажеттілігі бар;

7. Ұсыныстар

1. Жыл сайын қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен **ашық есеп беру жиынын** өткізу;
2. Әлеуметтік қорды тұрақты толықтыру мақсатында **демеушілік серіктестермен меморандумдар** жасау;
3. Мектеп кітапханасын жана әдебиеттермен толықтыруға демеушілік көмек ұйымдастыру;
4. Кеңес жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында және мектеп сайтында жүйелі түрде жариялап отыру.

8. Қорытынды

Жалпы, Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылының I тоқсанындағы жұмысы **тиімді және жоспарлы** деп бағаланады.

Күні: 30 қазан 2025 жыл